

**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУ БАНКІ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
2007-2011 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН  
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ**

Астана қаласы

## **«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ 2007-2011 жылдарға арналған стратегиялық даму бағыттары**

### **1. Миссиясы және қызметінің негізгі мақсаттары**

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ (бұдан әрі – Даму Банкі) миссиясы – екінші деңгейдегі банктер қамтамасыз етпеген ел экономикасының бәсекеге қабілетті **шикізаттық емес секторының** жеделдетіп дамытудың кредит ресурстарына инвестициялық қажеттілігін коммерциялық негізде қанағаттандыру жолымен Қазақстан Республикасының тұрақты ұзақ мерзімді экономикалық өсіміне қол жеткізуге жәрдемдесу.

Даму Банкі қызметінің мақсаттары инвестициялық қызмет тиімділігін жетілдіру және арттыру, өндірістік инфрақұрылым мен өңдеуші өнеркәсіпті дамыту, ел экономикасына сыртқы және ішкі инвестицияларды тартуға жәрдемдесу.

### **2. Сыртқы ортаны талдау**

#### **2.1 Сыртқы факторларды талдау**

Даму Банкінің инвестициялық басымдықтары (ЭҚЖС сәйкес кредит беру салалары бойынша шектеулер), қарыз қаражатын тартуға сандық шектеулері, лимиттері, бағыттары, мүмкін шарттары бар. Кредит беру, жеке капиталды орналастыру, бірлесіп қаржыландыру, кепілдіктер беру, агент функцияларын орындау тәртібі мен мерзімі компанияның ұлттық басқарушысы бекітетін Даму Банкінің Кредит саясаты туралы меморандумда белгіленеді.

Даму Банкінің жарғылық капиталы Даму Банкінің Кредит саясаты туралы меморандумға сәйкес экспорттық операцияларға кредит беруден басқа, кредит беру мақсаттарына жіберілмейді және өтімділігі жоғары қаржы құралдарының ішкі және сыртқы нарықтарында, оның ішінде акцияларды сатып алу үшін (Даму Банкінің заңды тұлғалардың жарғылық капиталында қатысуы) инвестицияланады.

Даму Банкінің Кредит саясаты туралы меморандумға сәйкес Банктің «технологиялық байланысты» жобалардың өлшемдерін анықтауда нақтылықтың болмауы себепті шетелде жобаларды қаржыландыру жөніндегі қызметін шектеу орын алып отыр.

***Банк секторы ұзақ мерзімді кредит портфелінің мерзімділігі бойынша құрылымы және секторлар бойынша оның шоғырлануы***

Банк секторының ұзақ мерзімді кредит портфелінің көлемі (1 жылдан асатын мерзімі бар кредиттер) 2006 жылғы 1 қазанға 24 084,8 млн. АҚШ долларынан астамды құрады, бұл 2005 жылдың тиісті кезеңінен 3 есеге жоғары. Бұл ретте экономикаға берілген кредиттердің жалпы көлемінде ұзақ мерзімді кредиттердің үлесі 58,4%-дан 68,6%-ға дейін артты.

Банк қатысатын экономиканың шикізаттық емес салаларына 2 285,2,8 млн. АҚШ доллары банк секторының ұзақ мерзімді кредиттік ресурстары немесе ұзақ мерзімді кредиттердің жалпы көлемінің 9,4%-ы тура келді.

2006 жылғы 1 қазанға банк секторының экономикаға ұзақ мерзімді кредит беруі көлемінде Даму Банкінің үлесі 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдаймен салыстырғанда 0,9%-ға төмендеді және 1,5%-ды құрады. Егер Даму Банкі қаржыландыратын экономиканың жекелеген шикізаттық емес салаларын алсақ, өңдеуші өнеркәсіпте Даму Банкінің үлесі 17,9%-ды, электр энергиясын өндіру мен бөлуде - 19,4%-ды, көлікте – 7,8%-ды, байланыста– 14,5%-ды құрады.

Банк секторының экономикаға ұзақ мерзімді кредит беруінің жалпы көлемінде Даму Банкі үлесінің төмендеуі өндірістік емес экономикаға кредит берудің өсуінің жоғары қарқынымен түсіндіріледі. Сонымен бірге, Даму Банкі қатысатын экономиканың жекелеген шикізаттық емес салалары бойынша банк секторының ел экономикасына ұзақ мерзімді кредит беруінің жалпы көлемінде оның қаржыландыру үлесінің артуы байқалды.

### ***Банк секторы негізгі қорларды қаржыландырудың көзі іспетті.***

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректеріне сәйкес 2006 жылғы 1 қазанға екінші деңгейдегі банктердің (ЕДБ) экономикаға берген ұзақ мерзімді кредиттердің 24,7%-ы ғана инвестициялық, яғни негізгі қорларды сатып алуға, сондай-ақ жаңа құрылыс пен қайта жаңартуға бағытталған кредиттермен байланыстыруға болады. Айталық, негізгі қорларды сатып алуға, жаңа құрылыс пен қайта жаңартуға экономиканың барлық салалары бойынша жиынтықта 5 960,8 млн. АҚШ доллары тура келеді.

Банк секторының өңдеуші өнеркәсіпке инвестициялық кредит беру көлемінде Даму Банкінің үлесі 42,8%-ға жетеді. Өңдеуші өнеркәсіптің тамақ өнімдерін өндіру сияқты салалары бойынша Даму Банкінің үлесі 19,2%-ды, тоқыма және тігін өнеркәсібінде – 85,4%-ды, в целлюлозды-қағаз өнеркәсібінде – 26,5%-ды, химия өнеркәсібінде – 85,3%-ды, өзге металл емес минералдық өнімдер өндірісінде – 54,3%-ды, машиналар мен жабдықтар өндірісінде– 71,4%-ды, электр жабдықтары өндірісінде – 56,3%-ды құрайды.

### ***Қаржыландыру құны.***

Сыйақы ставкаларының деңгейі бойынша ЕДБ әзірге бәсекеге қабілетті емес және сыртқы кредит берушілермен және Даму Банкімен тең жағдайларда жобаларды қаржыландыруды жүзеге асыруға жағдайы жоқ. Айталық, Даму Банкі қатысатын секторларда ұзақ мерзімді кредиттер бойынша ЕДБ орта өлшемді ставкасы 2006 жылғы 1 қазанға 13,2% деңгейінде қалыптасты. Даму Банкінің орта өлшемді ставкасы 8,76% деңгейінде белгіленді.

## 2.2 Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін негізгі жағдайлар

орта мерзімді перспективада Даму Банкінің қызметіне елеулі есер ететін қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін негізгі жағдайлар мен факторлар мыналар болып табылады:

- ҚР тұрақты саяси және макроэкономикалық орта (экономиканың жалпы ахуалын көрсететін 2007-2011 жылдардағы оң макроэкономикалық көрсеткіштер, мемлекеттің даму жоспарларының, ұлттық, салалық және әлеуметтік стратегиялардың мақсаттарына қол жеткізуі, мемлекеттің экономикалық өсуге бағыт алуы және осы мақсатқа қол жеткізуге бағытталған шараларды қабылдау, банк жүйесін одан әрі нығайту, қолайлы инвестициялық климат және инвестициялардың негізгі капиталға өсімі және т.б.);

- сыртқы нарықтарда қазақстандық экспорттаушылар мен тауар өндірушілер үшін оң конъюнктура, негізгі қаржы нарықтарындағы (АҚШ, Еуропа Одағы, Жапония, Қытай, Ресей) макроэкономикалық ахуал;

- қарыз алу нарықтарындағы тұрақты ахуал, Даму Банкі қаражат тартатын елдерде қарыз алу ставкаларын және инфляция деңгейін төмендету;

- «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ ұсынатын ірі «серпінді» инвестициялық жобалар мен кластерлік кешендерде, оның ішінде жобалардың демеушілері және Даму Банкінің қарыз алушылары ретінде ұлттық компанияларды, РМК тартумен күштерді шоғырландыру; ;

- ірі жобаларды іске асыру үшін жобалық қаржыландыру басымдықтарын пайдалану, ол үшін кредиттерді қамтамасыз ету және жіктеу ерекшелігін есепке алуды, тәуекелдерді азайту және қаржыландырудың осындай нысаны кезінде жобаны басқаруды қамтамасыз ететін заңнамалық және ұйымдастыру нысанындағы бірқатар қажетті шараларды іске асыру қажет;

- коммерциялық банктермен бірлесіп синдикаттауларға қатысудың, еліміздің инвестициялық мұқтажы үшін Ұлттық қордың кірістерін пайдаланудың заңнамалық мүмкіндіктерін құру және пайдалану;

- ірі инфрақұрылымдық жобалар бойынша мемлекеттің субсидиарлық кепілдемелер мен кепілдіктер беруі;

- мемлекет тарапынан қолдау (капиталдандыру, бюджеттік кредит беру, салық жеңілдіктері, борыштық міндеттемелерге «агенттік» мәртебесін беру және т.б.);

- Даму Банкі шығарған бағалы қағаздарды салық салудан босататын қаржы агенті мәртебесінің болуы;

- Алматы қаласы Өңірлік қаржы орталығының сауда-саттық алаңында тиісті қызметті жүзеге асыру үшін брокер-дилерлік лицензиясының болуы;

- шетелде қаржыландырылатын жобалар үшін «технологиялық байланысты» өлшемін нақтылау .

### 3. Мақсаттар

#### Коммерциялық емес мақсаттар

Даму Банкінің коммерциялық емес сипаттағы мақсаттары жоқ.

Сонымен бірге, Даму Банкі экономиканың шикізаттық емес секторында ұзақ мерзімді және орта мерзімді аз пайызды кредиттерді беру жолымен жеке сектор мен мемлекеттің бастамаларын қаржылық қолдауды жүзеге асыратындығын атап өту қажет.

#### 3.1.1 Коммерциялық емес мақсаттарды іске асыруға жоспарланатын шығындар

Даму Банкінде соңғысының болмауына байланысты коммерциялық емес мақсаттарды іске асыруға байланысты шығындар туындамайды.

Сонымен бірге, төмен пайыздық ставкалар бойынша ұзақ мерзімді және орта мерзімді кредиттер беру нәтижесінде негізгі қызметі бойынша кірістер өсімінің тұрақтылығы орын алып отыр.

#### 3.2 Коммерциялық мақсаттар

Қойылған мақсаттарға және қажетті қаржылық қолдаудың көлемдерін қол жеткізу үшін негізгі шарттар мен факторлар болған жағдайда Даму банкінің экономикаға ауқымды кредит беруі инвестициялық жобаларға кредит берудің (мақұлдаудың) жылдық көлемін 2007-2011 жылдары 500, 700, 900, 950, 1000 млн. АҚШ долларына дейін жеткізуді (58,5; 81,9; 105,3; 111,2; 117,0 млрд. теңге) ұйғарады. Нәтижесінде 2007 жылдың аяғына Даму Банкінің экономикаға кредит беру көлемі 1,4 млрд. АҚШ долларына барабар (163,8 млрд. теңге), 2010 және 2011 жылдардың аяғына – шамамен тиісінше 4,2 және 5,3 млрд. АҚШ долларын (491,4 және 620,1 млрд. теңге), құрауы тиіс.

#### 3.3. Қызметтің негізгі көрсеткіштері, қаражатқа қажеттілік

##### 2007-2011 жылдарға арналған негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштер

(млн. АҚШ долл/млн. теңге)

№	Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2005 ж. факт	2006 ж. бағалау	2007 ж. болжам	2008 ж. болжам	2009 ж. болжам	2010 ж. болжам	2011 ж. болжам
1	Экономикаға кредит беру көлемі (өсу қорытындысымен), оның ішінде:	млн. долл.	748,2	891,5	1 452,5	2 218,5	3 188,5	4 254,8	5 329,8
		млн. теңге	100 243,8	109387,1	169942,5	259564,5	373054,5	497811,6	623586,6
	инвестициялық жобалар	млн. долл.	548,8	648,8	1 184,8	1 848,8	2 748,8	3 734,0	4 734,0
		млн. теңге	73 528,2	79607,8	138621,6	216309,6	321609,6	436878,0	553878,0
	экспорттық операциялар	млн. долл.	199,4	242,7	303,7	369,7	439,7	520,8	595,8
		млн. теңге	26 715,6	29779,3	35532,9	43254,9	51444,9	60933,6	69708,6
2	Жобаларға агенттік кредит беру көлемі	млн. долл.	316,4	549,8	767,8	929,3	977,6	882,8	802,2
		млн. теңге	42 391,3	67460,5	89832,6	108728,1	114379,2	103287,6	93857,4
3	Кредит саясатынан түсетін кіріс	млн. долл.	26,9	31,1	42,1	60,6	98,6	150,7	215,9
		млн. теңге	3 604,1	3816,0	4925,7	7090,2	11536,2	17631,9	25260,3
4	Таза табыс	млн. долл.	20,6	15,7	10,1	20,5	26,4	31,9	39,5
		млн. теңге	2759,9	1926,4	1181,7	2398,5	3088,8	3732,3	4621,5
АҚШ долл. бағамы, теңге			133,98	122,7	117,0	117,0	117,0	117,0	117,0

2006 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша жарияланған жарғылық капитал 73 641,3 млн. теңгені құрады. Даму Банкінің қызметі кезеңінде 13 979 млн. теңге мөлшерінде бюджеттік кредиттер алынды.

#### Мемлекеттік қолдаудың 2007-2011 жылдарға арналған көлемі.\*

(млн. теңге)

Мемлекеттік қолдаудың сипаты	2007	2008	2009	2010	2011
Даму Банкінің жарғылық капиталын арттыру	13 403,0	41275,0	41275,0	50800,0	38100,0
Ресурстардың құнын азайту үшін Бюджеттік Кредиттер	0	31115,0	35560,0	38100,0	34290,0

\* Мемлекеттік қолдау көлемі тиісті кезеңге арналған республикалық бюджетті бекіту шеңберінде жыл сайын түзетілетін болады.

#### 4. Дивидендтік саясат

«Қазақстанның Даму Банкі туралы» ҚР Заңының 18-бабына сәйкес Даму Банкінің таза табысы резервтерді қалыптастыруға, оның ішінде резервтік капиталды қалыптастыруға тікелей бағытталады. Резервтік капиталды қалыптастыруға бағытталатын таза табыстың мөлшері Даму Банкінің жылдық қаржылық есептілігін акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен кезде анықталады. Бөлінбеген таза табыс жыл бойы банктік активтер бойынша жалпы провизияларды (резервтерді) қалыптастыру үшін пайдаланылады.

#### 5. Негізгі тиімділік көрсеткіштері

№	Көрсеткіш	Өлш. бірлігі.	2007	2008	2009	2010	2011
1.	Кредит беру көлемі (өсу қорытындысымен), оның ішінде:	млн. долл.	<b>1 452,5</b>	<b>2 218,5</b>	<b>3 188,5</b>	<b>4 254,8</b>	<b>5 329,8</b>
		млн. теңге	169942,5	259564,5	373054,5	497811,6	623586,6
	инвестициялық жобалар	млн. долл.	<b>1 148,8</b>	<b>1 848,8</b>	<b>2 748,8</b>	<b>3 734,0</b>	<b>4 734,0</b>
		млн. теңге	134409,6	216309,6	321609,6	436878,0	553878,0
экспорттық операциялар	млн. долл.	<b>303,7</b>	<b>369,7</b>	<b>439,7</b>	<b>520,8</b>	<b>595,8</b>	
	млн. теңге	35532,9	43254,9	51444,9	60933,6	69708,6	
2.	Қаржыландырылған жобалардың саны	единиц	15	19	23	27	31
2.1	Оның ішінде серпінді	единиц	3	5	9	12	15
3.	Банктің жобаларға агенттік қызмет көрсету көлемі	млн. долл.	<b>767,8</b>	<b>929,3</b>	<b>977,6</b>	<b>882,8</b>	<b>802,2</b>
		млн. теңге	89832,6	108728,1	114379,2	103287,6	93857,4
4.	Кредиттік қызметтен түсетін табыс (пайыздық) (аударумен)	млн. долл.	<b>42,1</b>	<b>60,6</b>	<b>98,6</b>	<b>150,7</b>	<b>215,9</b>
		млн. теңге	4925,7	7090,2	11536,2	17631,9	25260,3
5.	Кредиттер бойынша резервтерге қаржы бөлу	млн. долл.	<b>17,6</b>	<b>31,7</b>	<b>32,0</b>	<b>42,2</b>	<b>46,4</b>
		млн. теңге	2 235,2	4 025,9	4 064,0	5 359,4	5 892,8
6.	Кредиттік қызметтен түсетін табыс (пайыздық)	млн. долл.	<b>24,5</b>	<b>28,9</b>	<b>66,6</b>	<b>108,5</b>	<b>169,5</b>

		млн. теңге	2866,5	3381,3	7792,2	12694,5	19831,5
7.	Үмітсіз кредиттер (NPL)	%	0	0	0	0	0
8.	Резервтік талаптардың деңгейі	%	5,5	6,0	6,0	6,0	6,0
9.	Жобалар бойынша мультипликативті тиімділік	Банктің кредит беру көлеміне жобаның ст. ара қатынасы	2,41	2,44	2,49	2,54	2,64
10.	Жобаларға орта өлшемді кредит беру мерзімі	жылдар	11,77	13,93	15,37	16,13	17,44
11.	Өндірілген жана тауарлардың (ноу-хау), жиынтықтар мен Банктің қатысуымен қаржыландырылған кәсіпорындарда іске қосылған технологиялардың жиынтық көлемі (есепті кезеңде)	млн. долл.	<b>464,8</b>	<b>710,0</b>	<b>1020,3</b>	<b>1417,3</b>	<b>1775,4</b>
		млрд. теңге	54,4	83,1	119,4	165,8	207,7
12.	ROE	%	1,1	1,7	2,0	1,9	2,7
13.	ROA	%	0,5	0,8	0,9	0,8	1,1
14.	Жұмыс күндерінде инвестициялық жобаны қарау мерзімі (Кредит Комитетінде мақұлдағанға дейін экспресс-талдауды жүргізгеннен кейін)	күндер	26	26	26	26	26
АҚШ долларының есептеу бағамы, теңге			<b>117,00</b>	<b>117,00</b>	<b>117,00</b>	<b>117,00</b>	<b>117,00</b>

## 6. Басым даму бағыттары

Даму Банкін дамытудың басым бағыттары мыналар болып табылады:

1. Кредит берудің негізгі салалық бағыттары мыналар болып табылады: энергетикалық және көліктік инфрақұрылым, гидроэнергетика, биоэнергетика, металлургия, химия және мұнай химиясы.

2. шетелде қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру.

Мыналар міндеттерді шешудің негізгі нәтижелері болуы тиіс:

-активтер мен резервтерді басқару саласында тәжірибе және консультациялар алу мақсатында активтерді басқару бойынша инвестициялық портфель активтерінің бір бөлігін халықаралық қаржы институттарына және компаниялардың біреуіне сыртқы сенімді басқаруға беру;

-Қазақстан Республикасынан тыс жерде инвестициялық жобаларды даярлауды, қарауды және Банктің қатысуымен қаржыландыруды жүзеге асыру.

3. Тиісті қорландыруды қамтамасыз ету және Даму Банкінің оң кредит тарихын қолдау.

4. Банктік сараптау және мемлекеттік бюджеттің есебінен қаржыландырылатын инвестициялық жобаларға және мемлекет кепілдік

берген қарыздарға қызмет көрсету жөніндегі агенттің функцияларын орындау.

### **7. Қазақстан қор нарығын дамыту жөніндегі ұсыныстар**

Экономикаға кредит беру көлемін болжамдалатын арттыруға байланысты Даму Банкі сыртқы және ішкі қор нарықтарында борыштық міндеттемелерді шығаруды жүзеге асыру жолымен қорландыруды қамтамасыз етуді жоспарлап отыр.

Банк сыртқы нарықта қарыз алуды жүзеге асыруды жалғастырады, сондай-ақ теңгемен атаулы облигацияларды шығару жолымен ішкі қор нарығында қарыз алатын болады. Банк 15% мөлшерінде Банктің облигацияларына зейнетақы активтерін инвестициялау жөніндегі бар лимитті ескере отырып, теңгедегі көрсетілген облигациялардың негізгі институционалдық инвесторлары ретінде қазақстандық жинақтаушы зейнетақы қорларын шектейтін болады. Бұл өз кезегінде ішкі нарықта артық өтімділікті сүзгілеуге және тартымды құралдардың тапшылығы проблемасын ішінара шешуге ықпал ететін болады.

Бұдан басқа Даму Банкі қаржы агенті және Банк қаржыландыратын инвестициялық жобалардың шеңберінде Банк клиенттерінің ішкі облигацияларын шығару жөніндегі андеррайтер ретінде өз қызметін белсенді етуге ниеттенді.

Даму Банкі бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы ретінде Алматы қаласы Өңірлік қаржы орталығының сауда-саттық алаңында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға мүдделі.

Алдын-ала бағалаулар бойынша бірінші облигациялық бағдарламаның көлемі 30-40 млрд. теңгені құрауы мүмкін. 10, 15 және 20 жыл айналым мерзімі бар облигациялық бағдарлама шегінде облигациялардың үш және одан да көп шығарылымын жүзеге асыру жоспарланып отыр. Облигациялардың алғаш шығарылымының болжамды кезеңі – 2006 жылғы желтоқсан – 2007 жылғы қаңтар, келесі шығарылымдар кредиттер бойынша игеру қажеттілігінің туындауы бойынша жүзеге асырылатын болады.